

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет
комитетінің «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы»
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

және

«Сулайман-Тоо» Ұлттық тарихи-археологиялық музей кешені
арасындағы ынтымақтастық туралы

Меморандум

«19» 05 2025 жыл

Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасының мәдениет туралы заңнамасының, мәдениет саласындағы қатынастарды реттейтін заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің қағидаттарын басшылыққа алып, халықаралық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттарын мойындай отырып, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін директордың міндетін атқарушы Дукенбаев Нурлан Мусагалиевич, бір жағынан, «Сулайман-Тоо» Ұлттық тарихи-археологиялық музей кешені, Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Апарханов Медербек Эсенгельдиевич, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталып, мәдени мұраны сақтау, зерделеу және танымал ету, сондай-ақ ғылыми және мәдени байланыстарды тереңдету мақсатында ынтымақтастыққа Тараптардың өзара мүдделерін негізге ала отырып, осы ынтымақтастық туралы Меморандумды (бұдан әрі – Меморандум) жасасып, келесілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар келесі бағыттар бойынша өзара тиімді ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайлар жасауға ниетті:

1. Ғылыми және мәдени жобаларды бірлесіп әзірлеу және жүзеге асыру.
2. Мәдениет, тарих, өнер және музей ісі салаларындағы зерттеулердің басым бағыттарын анықтау бойынша кеңес беру.
3. Бірлескен ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, көрмелер өткізу және оларға қатысу.
4. Бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламаларын ұйымдастыру; сондай-ақ тарих, өнер, музей ісі салаларындағы материалдар мен нәтижелермен (жетістіктермен) өзара алмасу.
5. Бірлескен көрмелер мен басылымдарды ұйымдастыру.
6. Тараптардың басылымдарында ғылыми мақалаларды жариялау мүмкіндігін қамтамасыз ету.
7. Жұмыс кездесулерін ұйымдастыру.
8. Тараптар өкілдерінің біліктілігін арттыру мақсатында тағылымдамадан өту арқылы ғалымдармен және мамандармен алмасу.

9. Ғылыми ақпараттармен, құжаттармен, әдебиеттермен және библиографиялық басылымдармен алмасу, сонымен қатар жеке экспонаттар мен жинақтарды көшіру мүмкіндігі.

10. Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамаларымен тыйым салынбаған ынтымақтастықтың басқа да түрлерін пайдалану.

2-бап

Тараптар ғылыми және мәдени-ағартушылық тақырыптары бар жобаларға екі Тараптың қазіргі маңыздылығы мен қызығушылығын тудыратын жобаларға ерекше басымдық берілетіндігі туралы келісті. Ынтымақтастық бағыттары мен тақырыптарының тізбесін Тараптар алдағы жыл сайынғы кезеңге ағымдағы жылдың соңына дейін әзірлейді, бірақ Тараптар арасындағы келісім бойынша толықтырылуы және нақтылануы мүмкін.

3-бап

Тараптар ынтымақтастық шеңберінде нақты мәдени бағдарламалар мен жобаларды іс жүзінде жүзеге асыру жекелеген келісімдер негізінде жүзеге асырылатын және қаржыландырылатыны туралы келісті.

Тараптардың бірі әзірлеген зияткерлік меншік объектілері, егер Тараптар өзгеше келіспесе, осы Тараптың меншігі болып қалады. Тараптар бірлесіп әзірлеген зияткерлік меншік объектілеріне меншік құқығы жекелеген келісімдермен реттеледі.

4-бап

Осы Меморандумды орындауға немесе өзгертуге қатысты туындауы мүмкін барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Қазақстан Республикасының және Қырғызстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралады.

5-бап

Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың келісімі бойынша жазбапа нысанда енгізіледі. Олар Меморандумның ажырамас бөлігі болады. Осы Меморандумның талаптарын орындау үшін екі Тарап бірдей жауапты болады. Меморандумның шарттарын түсіндіруге қатысты күмән туындаған жағдайда, екі Тарап оларды мұқият қарастырады және өзара ынтымақтастық пен жауапкершілік рухында келісімге келеді.

6-бап

Осы Меморандум екі Тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімге жасалады. Осы мерзім өткеннен кейін Тараптардың бірі Меморандумның қолданылуын тоқтату ниеті туралы тиісті кезеңнің аяқталуына екі ай қалғанда екінші Тарапты жазбапа хабардар еткенге дейін Меморандум автоматты түрде ұзартылады.

Осы Меморандумның қолданылуы тоқтатылған жағдайда оның негізінде жоспарланған барлық жобалар мен іс-шаралар осы Меморандум шеңберінде жасалған жеке келісімдер мен шарттар талаптарына сәйкес аяқталады.

7-бап

Меморандум бірдей заңдық күші бар 4 (төрт) данада орыс және қазақ тілдерінде жасалды.

Қырғызстан Республикасы, Ош қаласы, Гапар Айтиев көшесі №26


Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы, Әмір Темір көшесі 53 А

«Сулайман-Тоо» Ұлттық тарихи-археологиялық музей кешені

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК

Директоры

Директордың м.а.



М.Ә. Апарханов



Н.М.Дукенбаев